



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІК САРЫНЫ

Сұлтанхан Мейірбек Бектұрсынұлы

meirbek.93mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

қазақ әдебиеті мамандығының

1 курс магистранты, Астана Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А. Әлтай

Қазақ әдебиетінің тарихында ерекше орын алатын, сөз жауһарлары – жыраулар шығармашылығы. Қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясы сыры мен сыны көп тақырып. Ұлттық бітімімізді бойына сіңірген жыраулар поэзиясы әдебиеттегі құнды мұра. Тарихтағы дана тұлғалар – жыраулар ер, жер, ерлік, батырлық тақырыптарын қозғап, әлеуметтік маңызы зор туындыларымен көріне білді.

Әдебиет тарихында жыраулардың көпшілігінің шығармашылығы әр түрлі себептерге байланысты жоғалып, жырымдалып бізге жетсе, тіптен, кейбіреулерінің есімдері ғана аталып келеді. Дегенмен, қолда бар материалдардың өзі жыраулар шығармашылығын көркемдік немесе жанрлық тұрғыдан саралауға жеткілікті материал бола алады. Әсіресе, XVIII-XIX ғасырлардағы ақын, жыраулар шығармашылығының табиғатын саралау, замана, уақыт талабына сай қолданылу аясын анықтау, көздеген нысанасын тап басып таныту – жыраулар шығармашылығының саяси-әлеуметтік, қоғамдық іргелі, ірі мәселелерге араласуын анықтауға мүмкіндік туғызады.

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ әдебиеті тарихының кейбір мәселелері жаңаша пайымдалып, жаңаша көзқарас, жаңаша дүниетаным қалыптаса бастады. Соның бірі жыраулар поэзиясындағы тәуелсіздік, еркіндік, бодандыққа қарсы идея көрінісі. Ел аңсаған мақсат – еркін, тәуелсіз ел болу. Сондықтан да "елдік мақсат" пен "ой еркіндігінің" көріну аспектісі хандық дәуір әдебиеті тұсындағы тарихи жағдайлар арқылы бейнеленеді.

Жырау – ауыз әдебиетінің ежелгі өкілдерінің бірі, ірі қоғамдық мәселелерді қозғайтын толғау-жырларды шығарып айтушы, жыршы болумен қатар ойшыл, ақылшы, көреген сәуегей. Жырау тұлғасы ерте дәуірде, тайпалық одақтар бірлестігі тұсында қалыптасып, ХҮ-ХҮІІІ ғасырларда үлкен өнер иесі және қоғам қайраткерлері ретінде танылған. Соғысқа кірер алдында бата беріп, толғау-жырлар айтып, жауынгерлердің рухын көтерген саяси, әскери, дипломатиялық істерге кеңінен араласқан, мемлекет басшысының кеңесшісі қызметін де атқарған. Жырау сөзінің алғаш хатқа түсуі ХІ ғасыр. Жыраулар ауыз әдебиетін өркендетуге, халықтың өлең-жыр дәстүрлерін, сөз өнерін байытуға, суырып салма ақындық өнердің қалыптасуына зор үлес қосқан. Жыраудың ноғай, қарақалпақ халықтарының поэзиясында да үлкен орны бар. Шығармалары халқымыздың рухани асыл қазынасына мол үлес болып қосылған жыраулар – Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет, Жиёмбет, Үмбетей, Бұхар, Ақтамберді т.б.

Ел тағдыры көрініс тапқан әдебиетте бостандық, еркіндік, елдік, ерлік, азаттық, тәуелсіздік мәселесінің басты тақырып болуы заңды құбылыс. Жыраулық поэзияның тақырып аясы елдік, азаттықты аңсаудан туады. Жыраулар елінің бейбіт тірлікке ұмтылған арман-тілегін жеткізушілер ғана емес, қолына қару-жарағын асынып, қас жауына аянбай күрескен ерлер еді.

Өздері өмір кешкен жаугершілік заман талабына сай ғұмыр кешкен, кейде, тіпті батыр, қолбасы да болған жыраулар ерлік сарынды отаншыл жырлар туғызды. Жыраулар поэзиясының дамып, өркендеуіне Доспамбет пен Шалкиіз өнернамалары айрықша әсер етті. Жорық жыршысы болған Доспамбет жырау шығармаларынан ортағасырлық жауынгер көшпендінің өр тұлғасы, ерлік кейпі, елдік сарыны көрінеді. Оның асқақ рухы, берік дәті, өмірлік мұраты танылады. Ойлы да сырлы Доспамбет толғаулары тақырыбы, мазмұны ғана емес, көркемдік ерекшеліктері тұрғысынан алғанда да соны сипатта.

Доспамбет:

Кірмембес ауыр қолға бас болып
Күңіреніп күн түбіне жортқанмын, –

деп жырлайды. Өлеріндегі толғауында ноғайлыда талай батырлар өтсе де, солардың бәрінен өзінің сән-салтанаты асып, алмамен ат жемдегенін мақтаныш тұтады.

ХҮІ ғасырдың сөз жампозы Доспамбет "Қоғалы көлдер, ком сулар" деген атпен белгілі толғауында ерлік мұратты былайша жырлайды:

Екі арыстан жау шапса
Оқ қылқандай шаншылса.
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе.
Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлген өкінбес!

Өздері өмір кешкен жаугершілік заман талабына сай ғұмыр кешкен, кейде, тіпті батыр, қолбасы да болған жыраулар ерлік, елдік сарынды отаншыл жырлар туғызды. Жыраулар поэзиясының дамып, өркендеуіне Доспамбет пен Шалкиіз өнернамалары айрықша әсер етті. Жорық жыршысы болған Доспамбет жырау шығармаларынан ортағасырлық жауынгер көшпендінің өр тұлғасы, ерлік кейпі, елдік сарыны көрінеді.

Жыраулар поэзиясының ең көрнекті өкілі – Шалкиіз жырау (шамамен 1465-1560). Өзінің ұзақ өмірінде Дешті-Қыпшақтың төрт бұрышын түгел шарлаған, заманның бірінші ақыны танылып, үлкен даңққа бөленген жырау бүкіл өмірін күрес үстінде өткізеді. Өз тұсындағы әміршілердің ешқайсысының да шашбауын көтермейді, турашылдығынан танбайды. Жырау туындылары көңіл пернесіне дөп басар әсерлілігімен, көздегенін орып түсер өткірлігімен, аз сөзге мағына сыйғызғаны нақтылығымен, сұлу сазды көркемдігімен, асау серпімді қуатымен ерекшеленеді. Жыраудың ғасырлар көгінен өтіп, біздің дәуірге жеткен шағын көлемді, шымыр толғауларынан дүниетанымы, адамдық табиғаты, мінез ерекшеліктері, моральдық, этикалық қағидалары айқын аңғарылады. Жырау дүниеде мәңгі, тұрақты ештеңе жоқ деп біледі. Әлем бір қалыпта тұрмайды. Сол сияқты, адам да тіршілікте талай қилы кезеңдерді өткермек. Басы жұмыр пенденің бәрі өз жолын өліммен аяқтамақ. Алайда жырау өмірдің өтпелілігін табиғат заңы деп біледі, діндер сопылыққа ұрынбайды.

Жыраудың пайымдауынша, адамның адамдық қасиеті оның ата тегінде, қоғамдағы орында емес, жеке басының жақсылық, жаманды сипатында. Досқа адал, дұшпанға айбар, ағайын жұртқа мейірлі, туған елге қайырлы тиер жігіт қана азамат атануға тиіс. Адам үшін ең қымбат нәрсе – Отаны. Жорықшы жырау ғана емес, батыр жауынгер де болған Шалкиіздің бұл тараптағы шығармаларының дені дабылды ұрыс күндерінде туғанға ұқсайды. Жырау аламандарды дұшпаннан именбеуге, қанды ұрысқа тайсалмай кіруге, елдікке шақырады, ерлікке үндейді. Шалкиіздің бұл мазмұндас толғаулары қазақ жорықшы жырауларының ақындық келбетін мейлінше айқын сипаттайды.

Дидактикалық толғаулардың үлгісі ретінде Шалкиіздің “Шағырмақ бұлт жай тастар...”, “Асқар, асқар, асқар тау”, “Ор, ор қоян, ор қоян” сияқты туындылары елді ерлікке үндейді.

Қазақ халқы ерлік күреске толы күн кешкен ХҮІ ғасырдан біздің заманымызға Жиёмбет, Марғасқа жыраулардың аттары жетті. Екеуінің де өмір жолы ХҮІ ғасырдың алғашқы жартысында, Есім хан тұсында болған тарихи оқиғаларға тікелей қатысты. Жорық жыршысы Марғасқа жырау Есім ханның бір орталыққа ұйысқан күшті мемлекет құру туралы идеялардың әулетінен шыққан Жиёмбет жырау хан шешіміне болады. Бұлардың екеуі де сөз өнерін жете меңгерген арқалы жыраулар еді. Марғасқа мен Жиёмбеттің біздің заманымызға жеткен санаулы ғана толғаулары ХҮІ ғасырдағы қазақ поэзиясының сын-сипаты, даму бағдары ежелгі арна, байырғы дәстүр ауқымында болғандығын танытады. ХҮІ ғасырда әдеби өмір жандана түседі. Ғасырдың алғашқы ширегінде топандай басқан жоңғар шапқыншылығы және ақтабан-шұбырынды, алмағайып кезең, қырғын соғыстар мен жеңісті жорықтар, саяси және қоғамдық өмірдегі өзгерістер бұл кездегі поэзиясының идеялық бағыт-

бағдарына, тақырып аясына айрықша ықпал етті. Ел өміріндегі елеулі оқиғалардың барлығы да ақын-жыраулар өнернамасында өзінің көркемдік шешімін табады.

Жоңғар басқыншылығына қарсы күрес сарыны әсіресе Ақтамберді жырау (1675-1768) шығармаларынан айқын көрінеді. Ақтамберді өз толғауларында жау қолында қалған жерлерді азат етер күнді аңсайды, исі қазақ болып атқа қонуды, ойраттарға соққы беруді армандайды, жұртшылықты ерлікке, жауға тайсалмай шабуға жігерлендіреді. Ақтамберді өнернамасындағы отаншылдық, патриоттық сарындар ХҮІІІ ғасырдағы қазақ поэзиясының бағыт-бағдарын, өзекті ойларын айқын танытады.

Осы кезеңде өмір сүрген тағы талантты жырау Үмбетей (1706-1778) мұрасындағы жетекші тақырып – сырт жауларға қарсы күресте көзге түскен ел қорғаны батырларды мадақтау, жұртшылықты елдікке, бірлікке үндеу. Әсіресе, жыраудың Бөгембай батыр атына қатысты жырлар халық кең тарады. Бұл шығармаларында Үмбетей Бөгембайдың жеке басының ерлігін, қолбасшылық қызметін, адамгершілік қасиеттерін, әсіресе патриотизмін негізге ала отырып, халық бақыты жолындағы күрескер, ел тұлғасы – азаматтың биік бейнесін жасайды. Сонымен қатар, Үмбетей әр түрлі тақырыптағы тұрмыстық өлеңдерге де көңіл берген. Жырау қазақ ауылындағы барымташылық, зорлықшылдық, ру тайпасы сияқты жарамсыз мінезді сынайды.

Үмбетейдің замандасы, жорық жыршысы болған Тәтіқара ақын өзінің 1756 жылы Қазақстан шегіне басып кірген Цин әскерлеріне қарсы күрес күндерінде туған жырларымен аты шығады. Қазақ халқының шүршіт басқыншыларына қарсы ерлік күресіне қолына қару алып қатысқан Тәтіқараның ұрыс-соғыстар үстінде туған патриоттық мазмұндағы жырлары өз кезінде жұртты тәуелсіздік жолындағы күреске жұмылдыруына игілікті қызмет атқарды.

ХҮІІІ ғасырдағы қазақ әдебиетінің ең соқталы өкілі – Бұқар жырау (1668-1781). Арқалы жырау, қабырғалы би Бұқар өз тұсындағы қазақ хандығының бас идеологиясы болады. Ісімен де, жырымен де Абылай хан саясатын мейлінше қолдайды. Халықтың нығаюы, хан үкіметінің берік болуы жолында күреседі. Өз шығармаларында Абылайды сыр жауларға қарсы күресте айрықша қайрат көрсеткен қайтпас батыр, ел қамын жеген көреген көсем ретінде бейнелейді. Тәуелсіздік жолындағы соғыстарда ерлігімен дараланған батырларды мадақтайды.

Бұқар өзінің таңдаулы шығармаларында қазақ қауымы үшін мәні зор әлеуметтік мәселелерді көтереді. Бұлардың ең бастысы – ел бірлігін ту ету, ішкі, сыртқы жаулардың шапқыншылығына қарсы күреске үндеу. Бұқар Абылайға арнаған және халық атына қарата айтылған толғауларында Цин империясының түпкі саясаты – қазақ даласын жалмап жеу екендігін ашып көрсетеді. Ел шегіне енген шүршіт басқыншыларының осының алдында ғана еңбектеген баласынан еңкейген кәрісіне дейін тегіс қырып, жоңғар мемлекетін жер бетінен қалай жойғанын мысалға келтіреді. Цин саясатшыларының алдамшы сөзіне сенбеген, тәуелсіздік үшін ақырына дейін шайқасуға шақырады. “Шүршіт келсе жарамас, Ай-түйіңе қарамас”, – дейді жырау. Сонымен қатар жырау өз шығармаларында Россиямен жауласпау, онымен тату көршілік сақтау керегін насихаттайды. Алайда Бұқар патша өкіметінің түпкілікті мұратын да нақты пайымдаған еді.

Бұқар жырау поэзиясының негізгі өзегі – отан тағдыры, ұлт санасы, ел бірлігі болып табылады. Бұқар жырау шығармаларында елдік пен ерлік мәселесі, ел-жер тағдыры ой таразысына салынып тереңінен толғанады. “Бірлік болмай, тірлік болмас” – деген. Сырт жау соқтыға алмайтын айбынды ел болу үшін жұрттың ынтымағы бірауыздылығы қажет. Бұл жайды Бұқар жырау жақсы түсінеді. “Ел бірлігін жырлау – Бұқар өлеңдерінде негізгі мәселенің бірі. Ол ел бірлігі мәселесіне үлкен мән береді”, – дейді Бұқар шығармашылығын көптен бері зерттеп келе жатқан Қ.Жұмалиев.

Халық өмірінің алмағайып – аласапыран тарихта қалу-қалмауы екі талай кезеңінде тұрмыс кешкен жырау өз толғауларында сол тұстағы көкейтесті, күрделі мәселелерге жауап іздеп, соның бірден-бір жоқшы-жыршысы бола білді. Оның жыр-толғауларынан үнемі әлеуметтік өткір мазмұнға құрылып отыруының басты себебі де осыдан болмақ.

Жыраулардың ерлік мәнді шығармаларында туған жерге деген махаббат, елжандылық

сезімдер үлкен шынайылықпен өрілген. Ақтамберді жасынан жалғыздық көріп, "бұғанасы қатып, бекіген соң", кеңеске кіруді армандаған ер. Сондықтан болар, жыраудың бар мақсаты елдің берекелі бірлігінің нық болуын, асқақ мақсаттардың орындалуын, сол арқылы халықтың ой еркіндігінің қалыптасу негізінде саналы да сапалы, бақытты, тәуелсіз ұрпақтың дамуын қалаған. Ақтамберді жыраудың "Күлдір-күлдір кісінетіп..." деген жолдармен басталатын белгілі толғауында жыраудың арманшыл мұрат сезімі арқылы елдің арман тілегі, мақсат мұраты айқын көрінеді. Сөйтсе де, жорықшы-батыр өзінің батырлық, ерлік келбетін "жапанға біткен терекке, қарағайға қарсы біткен бұтаққа, тасқа майрылмайтын, сырты құрыш, жүзі болатқа" теңеуі жыраудың ерге біткен ерлікті көрсету арқылы халықтың мақсатын, еркіндікке жету жолын айқындап тұр. Қалай болғанда да Ақтамберді толғауларында мақсаттылық үн басым сезіледі. Жауының аруын олжалау, тарланды таңбалап міну, жақсылармен кеңеске топтану, т.б. Сол жортуылдарды сәттің тікелей қатысушысы бола тұрып, бойына біткен патриоттық рухтың батыр бойындағы ерекше бітісін – оның ерлікке толы күндерін "қайталап" іздеуінен, көз жұмар сәтінде батырларша қан майданда опат болмағанына налыс білдіруінен байқауға болады. Жыраудың поэзиясындағы осы аталған характертердің барлығы дерлік елдік мақсатты көздеп тұрғандай. Намысқойлық, елжандылық – қазақтың ғаламдық-табиғи деңгейде бойға біткен қасиеті болып табылмақ.

Жыраулар поэзиясын зерттеген М.Мағауиннің өзі "жыраулық өнерді XV-XVIII ғасырлар мен ғана шектейді. Жыраулық өнер өте көне құбылыс. Ол XV ғасырдан басталып, XVIII ғасырмен аяқталмайды. Жыраулық көне түркі дәуірінен саға тартып, күні бүгінге дейін дамып келе жатқан тарихи мәдени құбылыс" [1, 198]. Сан ғасырлар торабында ұлттық нақыштың негізгі қағидаты – халық мұратын жеткізу. "Жырау қоғаммен, қоғамдағы тұтас адамзатпен өзара тығыз қарым-қатынаста. Жырау репертуарының өзгешеліктері оның қоғамда алатын орнына байланысты" [2, 142].

Жыраулық өнер — тарихы қалыптасқан, дәстүрге ұласқан тұрақты сипатқа ие болған құбылыс. Оның түп-тегіне үңілер болсақ, сонау орхон жазбаларына, оғыз дәуірінің эпикалық мұраларына көз жібереріміз анық. Ол дәуірлерден жеткен музыкалық мақам үлгілері болмаса да, жазба ескерткіштер жоқ емес. Солардың бірі – "Қорқыт ата кітабы". Түркітану ғылымында бүгінгі Сыр бойындағы эпикалық дәстүрдің оғыз дәуірімен байланысты жиі айтылады, IX-X ғасырларда оғыз тайпаларының Сыр бойын мекендегені анық. Сол дәуірден қалған музыкалық - эпикалық дәстүр күні бүгінге дейін өзінің байырғы қалпын сақтап, стильдік ерекшеліктерімен дараланып келеді.

Академик С.Қасқабасовтың жыраулық поэзия, оның даму кезеңдеріне қатысты сабақталған мына пікірінің мәні зор: "Жыраулар поэзиясындағы ең басты тақырып қазақ хандығын құрған ру мен тайпалардың татулығы мен бірлігі және мемлекетті нығайту мен оның жауынгерлік күшін арттыру болды" [3, 503]. Зерттеуші ғалымдардың ғылыми пікірлері – татулық пен бірліктің негізі ретінде халық мақсатының орындалуы, тың идеяларға, асқақ эстетикаға бастама болуы жыраулар поэзиясының басты принциптеріне жатады.

Елдік мақсат – лирикалық сарында бой көрсетеді. "Лирика – сезімге негіз болғандықтан, халық мүддесі әлеуметтік, рухани аспектіде көрініс табады. Лирикалық толғаулардың үлгісі ретінде Қазтуған мен Доспамбет шығармаларын, Шалкиіз жыраудың "Балпаң, балпаң, басқан күн", Бұқардың "Кіші қара қалмақ бүлерде" сияқты жырларын атауға болады. Толғаудың бұл түрі эпоста кеңінен қолданылады" [4, 163].

Ең алдымен XVIII ғасыр әдебиетінде сыртқы жауға қарсы ерлік күреске үндеу, ел бірлігін сақтайтын басшыны жырлау сияқты сарындар басты орынға шығады. Елді жаудан азат ету үшін күреске үндеу, осы мақсатпен жорыққа аттанған ерлерді дәріптеу – ең негізгі мәселе.

Ақын-жыраулар мұрасында сан ғасырлар тарихының галереясы тізбектеліп жатыр. Ақын – өз қоғамының перзенті. Сондықтан да ол өз заманының күйін толғайды, өмір сүрген кезеңіне өз көзқарасы тұрғысынан қарайды. Жыраулар шығармаларында айтылған ой-пікірлердің бүгінгі күнмен, мезгіл тынысымен берік үндестігіне қарап, ақынның қоғамдағы құбылыстардың даму барысын болжай білгенін байқауға болады. Жоғарыда аталған ақын-

жыраулардың шығармашылық өмірі қоғамдағы қайшылықтармен тығыз байланысты. Отарлау саясатының етек алуы, халықтың басына түскен қайғы-қасірет ақынның шығармашылығына әсер етті, айналасында болып жатқан өзгерістерден ой түйген ақын-жыраулар өмір құбылыстарын өзінше топшылады.

Жыраулар поэзиясындағы ұлттық дүниетаным, елдік пен ерлік сарыны, заман шындығы, халықтың ой бостандығы, бодандыққа қарсы дүниетаным, тәуелсіздік идеясын жан-жақты саралау басты мақсатымыз болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 170 б.
2. Қазыбайұлы С. XV-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиетіндегі жыраулар поэзиясы. – Ақтөбе: Полиглот ЖШС, 2005. – 246 б.
3. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
4. Қыраубаева А. Ғасырлар мұрасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 163 б.

ӘОЖ 82.01.09

СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЙЕЛДЕРІНІҢ БОЛЫМЫСЫ

Темирбек Айнур

ainur_1993t@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті мамандығының 1 курсы магистранты,

Астана Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.С.Оразбек

XX ғасыр басында қазақ қоғамындағы әділетсіздікті, халықтың сауатсыздығы мен қазақ әйелдерінің ауыр тағдырын өз шығармаларына арқау еткен қаламгердің бірі – С.Дөнентаев екені барша қазаққа белгілі. Проза мен поэзия жанрында қатар қалам тартқан С.Дөнентаев шығармашылығы кейінгі жылдары кейбір мақалаларда сөз болғанымен жеткілікті түрде зерттелмей келеді деп батыл айтуға болады. Шығармаларында өз заманының шындығын батыл айтып, қазақ қыздарының бақытсыз тұрмысы мен ел ішіндегі надандықты ащы тілмен түйрей отырып бейнелейтін ақын шығармашылығының бүгінде маңызы зор.

Бұл жайында С.Дөнентаев шығармаларын зерттеген Б.Ысқақов ойына сүйенсек: «Сәбит мейлі өлеңінде, мейлі қара сөзінде болсын қазақ әйелдерінің ескіліктің шырмауынан шығып, еркіндік, теңдік алуын, әлеумет қайраткері болуын арман етеді» [1, 114б] деп анық көрсетеді. Себебі ұрпақ тәрбиесі, баланың саналы, білімді болып өсуі ана өміріне тікелей байланысты болғандықтан да қазақ өмірінде осы бір мәселенің кем екеніне баса мән береді. Болашақ ұрпақ тағдырына аландағандықтан да ана тағдырын көбірек қозғайды. Бұл мәселе былай қарағанда сол XX ғасыр басындағы жалпы тақырып болып көрінуі де мүмкін. Бірақ заманды түзету үшін, әділеттілік орнату үшін қыздар мен аналарды құрметтеуді, оқытып-білім беру, қоғам жұмысына араластыру мәселесін қозғау қажет болды.

С.Дөнентаев шығармаларында бүкіл қазақ халқының өмірі мен әлеуметтік мәселелерін әйел тағдырымен сабақтастырып, қазақ қыздарының бақытсыздыққа ұшырауы мен білімсіздігін жете суреттейді. Сол замандағы салт-дәстүрдің қаталдығының әсерінен еріксіз малға сатылған қыздардың аянышты бейнесі, көз жасы, өмірде кәрі құртаң шалдарға еріксіз тұрмысқа шығып, қорлықта өткен және сол замандағы елдің, халықтың байлыққа, малға, дүние- мүлікке құмарлығын дәл көрсете білген. Оны «Жәмила қыз» атты өлеңінен байқауға болады:

Қатыны өліп Бекіштің,

Қызы бар деп Төкіштің